

## Ұлт төрінен орын алса...



немесе қайраткер есімі көше атауына лайықты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың басқаруымен тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде бұрын-соңды өткен, халықтың қамын ойлап, қамқоршы бола білген абзал азаматтарымыздың еңбегін, есімдерін қастерлеп, лайықты қадір-құрметпен ардақтай алатын жағдайға жеттік. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз қайта жанды деп қуансақ, артық емес.

2015 жылы халқымыздың ардақты ұлдарының бірі Жұмабек Ахметұлы Тәшеновтің – кезінде Қазақстанның Министрлер Кеңесінің және Жоғарғы Кеңес Президиумының төрағалығына дейін көтерілген мемлекет және қоғам қайраткерінің – 100 жылдығы аталып өтеді. Ол жері, елі, ұлты үшін аянбай еңбек еткен абзал азамат. Қазақстанның жерін талан-таражға түсірмеу үшін Н.Хрущевке қарсы шығып (мансабына зияны тисе де), Қазақ жерін аман алып қалған қайратты Күрескер. Жұмекең – өз бойына саяси қайраткерлікті, кісілік пен кішілікті, парасат пен мейірімді қатар сыйдырған ірі Тұлға.

Сондықтан да, Ж.Тәшеновтің өз елі үшін істеген орасан ісі халық есінде мәңгі сақталып, ұлттық тағдыр төрінен орын алып, тарихымыздың үздік Азаматтарының қатарында өмір-бақи жасайтын болуы керек. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біз Жұмабек Ахметұлы Тәшеновтің есімін Қарағанды қаласындағы «Бейбітшілік гүлзары» көшесіне немесе Оңтүстік-Шығыс ауданындағы «Құрылысшылар» даңғылына беруді өтінеміз.

**Р.КАРЕНОВ,**

**Қазақстан Республикасы  
білім беру ісінің**

**Құрметті қызметкері, экономика  
ғылымдарының докторы,  
профессор.**

**К.ДҮЙСЕМБЕКОВ,**

**Ұлы Отан соғысының ардагері.**

**С.ИБКЕЕВ,**

**Қарағанды өңірінің кәсіпкері.**

**Ғ.ҚОЖАХМЕТОВ,**

**заң ғылымдарының докторы,  
профессор.**

**Н.РАМАШОВ,**

**Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дыңдене шынықтыру факультетінің деканы.**

**М.ӘБДУОВ,**

**Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың  
филология факультетінің деканы, профессор.**

**З.САҚТАҒАНОВА,**

**тарих ғылымдарының докторы, профессор.**

**С.БЕКСЕЙІТ,**

**Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын.**